



Сүлейман Демирел университеті

**мәдениеттер тоғысы
атты халықаралық ғылыми
конференция**

2011

II ТОМ

ICBCB
2011 International Conference
Building Cultural Bridges



**International Conference
Building Cultural Bridges
2011**

VOLUME II



Сүлейман Демирел
университеті



Диалог Еурасия
Платформасы

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Под.ред. М.В. Буланова- Топаркова Педагогика и психология высшей школы М.1995
2. Л.В.Мордахаев Социальная педагогика М., 2005
3. Н.В.Басова Педагогика и практическая психология «Феникс», 2000
4. З.Ф.Есарева Педагогика и практическая психология М., 2001

Резюме

Рассматриваются возможности и пути использования ценности казахской и английской народной педагогики в воспитательном процессе ВУЗа

Summary

Possibilities and ways of use of value of the Kazakh and English national pedagogics to educational process of HIGH SCHOOL are considered

Б.К.БАЗАРҚҰЛОВА,

аға оқытушы,

ал-Фараби ат.Қаз ҰУ,

Шығыстану факультеті

ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Тарихы 1979ж. бастау алатын Иран Ислам Республикасы сыртқы саясатының қалыптасуы аятолла Хомейни есімімен байланысты. Ислам режимі шах үкіметі ұстанған сыртқы саясат принциптері мен бағыттарынан бас тартты. Елдің сыртқы саясатында жарияланған «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам» ұраны АҚШ-пен дипломатиялық байланыстарының үзілуіне әкелсе, Кеңес Одағымен байланыстарын құлдыратты. Ал «Ислам революциясын экспортқа шығару» ұраны Иранның аймақтағы мемлекеттерімен байланыстарын шиеленістірді. Иранның Иракпен соғысының дәлелі. Иран Ислам Республикасы халықаралық сахнада оқшаулану жағдайында қалды. Бұған сондай-ақ АҚШ-тың Иранға байланысты ұстанған саясаты да әсерін тигізді.

Шах билігі тұсында Иран экономикасы Батыс елдерімен тығыз байланыста еді. Құрал-жабдықтар, технология және қосымша бөлшектердің барлығы Батыстан жеткізілетін. 1980ж бас. ИИР-сының Батыс Еуропа елдерімен де байланыстары құлдырады. Саяси және мәдени байланыстар тоқтатылып, тек экономикалық байланыстар нашар деңгейде сақталды. Бұған ИИР-сының сыртқы саясатының принциптері, АҚШ-пен

қарсыластығының басталуы және Иран-Ирак соғысы әсер етті. 1980ж. Американың Иранға жариялаған блокадасына Еуропа елдері де қосылған еді. Ислам режимінің экономикалық саясаты оған Еуропа елдерінің қызығушылығын азайтты.

Әрине оқшаулану саясаты елдің экономикалық жағдайын қиындатқандықтан 1980жж. II жартысында оқшауланудан шығу үшін әрекеттер жасалады. Бірақ ислам режимінің дамуындағы жаңа бір кезең 1989ж. аятолла Хомейни қайтыс болғаннан кейін басталады.

Хомейни тұсындағы қатаң идеологиялық бағыт әлсірейді. Ирандағы ислам режимінің эволюциясы 1990жж. елдің сыртқы саясатының эволюциясына әкеледі. Әрине бұл эволюциялық даму реформаторлар есімімен байланысты. Реформаторлардың билігі кезеңі Ә.А. Хашеми - Рафсанджаниден басталады. «Хомейни дәуірінен» кейін президент болып сайланған оның елдің саяси өміріндегі рөлі артады. Рахбарлық қызметке тағайындалған Әли Хаменеи саяси тартыстарда көлеңкеде қалу саясатын ұстана бастайды.

Хашеми- Рафсанджани - аятолла Хомейниді қолдаушылардың бірі болды. 1934ж. Иранның оңтүстігіндегі Керман провинциясында дүниеге келген. Рафсанджанидің өмірі аятолла Хомейнидің шах режиміне қарсы бағытталған саяси күресімен байланысты. Хашеми- Рафсанджани аятолла Хомейни билігі тұсында мәжіліс төрағасы қызметін атқарды. 1980ж. I жартысында оның саяси көзқарастарында экстремизм басым болды. Ол «Ислам революциясын экспорттау» саясатын қолдады. Ал 1980ж. II жартысында оның көзқарастары өзгерістерге ұшырады. /1,36/

1990ж. бастап елдің экономикалық даму бағытын өзгерту мәселесі пайда болады. Иракпен соғыс аяқталғаннан кейін ел экономикасын қалпына келтіру үшін Иран Батыс Еуропа елдерімен байланыстарын белсенді түрде реттей бастайды. Батыспен байланыстар қашан да болса елдің сыртқы саяси бағытында маңыздылығын сақтап қалған еді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың 1989-94жж. арналған I бесжылдық жоспары қабылданады. Үкімет ол үшін экономикалық жүйені қайта құру бағытына көшеді. Нарықтық реформалар және жекешелендіру жүргізіледі, саяси өмір демократияландырылады. Жаңа экономикалық саясаттың маңызды бөлшегінің бірі шетелдік капиталды тарту болды. Бұл іс жүзінде Конституцияда көрсетілген шетелдік капиталды пайдалануға және шетелдік мамандарды тартуға салынған тиымды жою дегенді білдірді. Шетелдік капиталды тартудың құқықтық негізі жасалды. Ол үшін 1955ж. «Шетелдік инвестицияны тарту және қолдау туралы Заңға » аздаған өзгерістер енгізіп, соны пайдаланды.

Батыс Еуропа мен Иран байланыстарындағы өзгерістер 1992ж. желтоқсанда басталады. Эдинбургтегі сессияда ЕО мемлекеттерінің басшылары Иранға байланысты саясатын қайта қарау қажеттігі және

арым-қатынасты қалпына келтіруге көшу туралы мәлімдеме жасайды. Батыс Еуропа елдерінің бұл шешімі АҚШ қарсылығына қарамастан қабылданады. Әрине бұндай шешімнің қабылдануына Американың бақылауынан азат етілген Иранның экономикалық потенциалы мен геостратегиялық жағдайы да әсер етті. ИИР-сымен Батыс Еуропа елдері арасында байланыстар толық болмаса да біраз деңгейде қалпына келтіріледі. Әсіресе Иранның мұнай өндірісін қалпына келтіруге көп көңіл бөлінеді.

1991ж. Иран Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруге өтініш жасайды. Бұған АҚШ қарсылық көрсетіп, Иран қазіргі уақытқа дейін әлі бұл ұйымға мүшелікке кірмеді.

1990ж. бастап реформаторлар билігі тұсында «Батыс та емес, Шығыс та емес» ұранының Иран үшін маңыздылығы жойылмаса да оны насихатту әлсіреді. Бұл халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерге байланысты деп ойлаймыз. Бұл ұран негізінен «қырға қабақ соғыс» кезінде елдің саяси және экономикалық тәуелсіздігін бекіту үшін екі державаға қарсы бағытталған еді. КСРО мемлекеті ыдырады. Ал оның тікелей мұрагері Ресеймен Иран атомдық энергия саласындағы ынтымақтастығын 1992ж. бастап дамытады. Америкамен де байланыстарды қайта қалпына келтіру Рафсанджанидің жоспарында болған. Бірақ ол президент болған жылдарда Иран- АҚШ қарсыластық саясаты жойылмады. 1990жж. АҚШ Иранға қарсы жаңа санкциялар қабылдап, қысым көрсеткенімен де Иран тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүруін жалғастырды.

1990жж. Иранның оқшауланудан шығуына халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер, биполярлы кезеңнің аяқталуы да әсерін тигізді. Таяу және Орта Шығыста АҚШ рөлінің артуы, тәуелсіздік алған Закавказье мен Орта Азия аймағында оның белсенділік танытуы, аймақтағы қауіпсіздік мәселелері де Иранды белсенді сыртқы саясат жүргізуге итермеледі. Осы уақыттан бастап Иран аймақтық саяси үрдістерде белсенділік таныта бастады. Өзгерістерге ұшыраған әлемде өзіндік орнын иеленуге ұмтылды.

1993ж. тамызда Рафсанджани екінші мерзімге президенттік қызметке кіріседі. Бұл кезеңде елде «реформаторлардың» ұстанымы әлсірейді. Ә.Хашеми-Рафсанджани тұсындағы елдің дамуындағы жеткен жетістіктерге қарамастан «реформаторлар» елдің саяси және экономикалық бағытын толық өзгерте алған жоқ. Әрине бұны елде «Хомейни мұрасының» күштілігімен және қаржылық қиындықтармен байланыстыруға болады. Рафсанджани Иранның халықаралық қауымдастықтағы орнын экономика арқылы күшейтуге ұмтылды.

Президент Рафсанджанидің реформаторлық саясатын 1997ж. 23 мамырда президенттік сайлауда жеңіске жеткен М.Хатами жалғастырады. Ол 1942ж. Йезд провинциясында дүниеге келген. Кум қаласында діни білім алады. Ол ғылыми жұмысты белсенді саяси қызметпен ұштастырып отырған. 1982-92жж. Мәдениет және исламдық бағыт министр болып қызмет

атқарады. Ал 1992-97жж. Иранның ұлттық кітапханасының директоры болған. Ол да президент болып екі мерзіммен 2005ж. дейін елді басқарады.

Хатами мен оның жақтастары қоғамның өзгерістерге, әсіресе қоғамдық-мәдени салада өзгерістерге ұмтылысын жақсы түсініп, осыны өздерінің саясатында пайдаланады. Ол экономика саласында бұрынғы президент Ә.Хашеми-Рафсанджанидің бағытын жалғастырады. Бірақ ол тек экономикалық салада ғана емес, сондай-ақ қоғамды реформалау бағытын ұстанады. Осыған байланысты Хатами өзінің «исламдық азаматтық қоғам» және «өркениеттер үндесуі» атты екі идеологиялық ілімін ұсынады. Бірінші ілімін ол 1997ж. Ислам Конференциясы Ұйымының сегізінші сессиясында жариялайды. Хатами 2000ж. қыркүйектегі БҰҰ Бас Ассамблеясында 2001жылды мәдениеттер мен өркениеттер үндесуі жылы деп атау туралы ұсыныс жасайды. БҰҰ 2001жылды Хатамидің ұсынысымен өркениеттер үндесуі жылы деп жариялайды. Ол өркениеттер үндесуін «халықтар мен мемлекеттердің теңдігі» ретінде қарастырады./2,9/ Президент М.Хатами тұсында елдің қоғамдық өмірі жалпы демократиялық және өркениеттік сипатқа ие болады. Хатами азаматтық қоғам құруды мақсат етеді. Иранның «демократияландыру» жалпы ұлттық сана сезімнің қалыптасуына әсер етеді. Оған елдің жаңа саяси мәдениетінің қалыптасуы да ықпалын тигізді. Мәдениет ұғымының Хатами көзқарастарында жалпы сипаты басымдылық танытады./2,8-12/ Осылайша 1990жж. президенттің қоғамды ашу факторы халықты біріктірді.

Елдің сыртқы саясатындағы екінші маңыздылығы жоғары «ислам революциясын экспорттау» бағыты 1990жж. «ислам мәдени революциясының идеяларын экспорттау» болып өзгертілді. Реформаторлар әлемдік қауымдастықпен байланысты қалпына келтіруде осы ұранның мазмұнын өзгертуге мәжбүр болды. Осы кезеңнен бастап Иран оқшауланудан шығып, бұл оның саяси және экономикалық дамуына да әсерін тигізген болатын.

М.Хатами президенттігі тұсында Иран халықаралық сахнада маңызды жетістіктерге жетеді. Оның мәдениеттер мен өркениеттерді жақындастыру қажеттігі, Иран сыртқы саясатының ашықтығы және басқа елдермен достық байланыстарды орнатуға ұмтылысы туралы үндеулері ИИР-сына байланысты көзқарастарды өзгертті. Бұл елдегі консерваторлардың ықпалын әлсіреткен еді.

Хатамидің президенттік сайлауда жеңіске жетуі және оның ұстанымдары Батыста жақсы қабылданады. М.Хатами тұсында Иран 1998ж. бастап Батыс Еуропа елдерімен және АҚШ-пен экономикалық саладағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтылды. Бұл бағытты дамытуға ұмтылыстың халықаралық, ішкі экономикалық және әлеуметтік факторлары болды. Иранның Еуропа елдерімен байланысында экономикалық негіз басымдық жасайды. Мұнай өнеркәсібін қайта құру, елдің қаржылық жағдайының

қиындауы, сыртқы қарыздардың өсуі және әлеуметтік мәселелердің шиеленісуі Батыспен байланысты қажет етті. Сондай-ақ Батыс әлемімен байланысты қайта қарауға Иран қоғамындағы өзгерістер де әсерін тигізді.

1998-2000жж. ИИР-сының Батысқа бет бұру кезеңі болып есептеледі. Тегеранға ЕО-тың делегациясы және кейбір саяси басшылар келеді. 1998ж. Иран мен Ұлыбритания сыртқы істер министрлерінің кездесуі болып, екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстар қалпына келтіріледі.

1999ж. М.Хатами Италияға барады. Екі ел арасында күрделі қайшылықтар болған жоқ, экономикалық байланыстар сақталған еді. Бұл 1979ж. ислам революциясынан кейінгі кезеңде Иран президентінің Батыс Еуропа еліне жасаған бірінші сапары еді. М.Хатами Рим папасы II Иоанн Павел екіншімен кездеседі. Екі мемлекет арасында тиімді экономикалық байланыстар орнатылады. Италия Иранға 2 млрд. долл. астам кредит береді. /3,150/ 1999ж. қыркүйекте Тегеранға Австрия президенті келеді. 1999ж. қазанда Хатами Францияға барады. Оның сапары мемлекеттік деңгейде болмағанымен екі ел байланыстарында жаңа кезең басталады. Өзара байланыстарда күрделі мәселелер сақталғанымен саяси және экономикалық байланыстар орнату бағыты ұсталынады. Осы сапарлар барысында француз және итальян фирмаларымен Доруд мұнай өнеркәсібін жаңарту туралы келісім жасалады. Ұлыбританиямен байланыстарда да үлкен жетістіктер болады. 2000ж. наурызда ИИР-сының сыртқы істер министрі К.Харрази Лондонға ресми сапармен, маусымда Швейцарияға барады. Бұл кездесулерде есірткі саудасымен және лаңкестікпен күрес мәселелері қарастырылады. /4,150/ 2000ж. наурызда Тегеранға Германияның сыртқы істер министрі И.Фишер келеді. Ол президент М.Хатами қабылдауында болып, екі ел байланыстарын күшейту мәселесіне басымдылық беріледі. И.Фишер Иранның стратегиялық маңыздылығын атап көрсетеді. 2000ж. шілдеде М.Хатами Германияға ресми сапармен барады. Екі елдің ынтымақтастығы көптеген салада орнайды.

Иранның Батыс Еуропадағы Голландия, Бельгия, Испания, Австрия және т.б. басқа мемлекеттермен де байланыстары дами бастайды. 1997ж. Иранның ЕО елдерімен сайда байланысы 6,1 млрд. долл. құрады. /4,173/ 2000 жылдан бастап Иранның Батыс Еуропа елдерімен сауда байланыстарының көлемі көбейеді. Иранның осы аймақтағы экспорт саласындағы негізгі әріптесі Германия, ал импорт саласындағы негізгі әріптесі Италия болатын. Батыс елдерін Иранның мұнай-газ саласы қызықтырады. Осы салада Иранмен Францияның «Тотал» және ағылшындардың «Шелл» компаниялары келісімдер жасайды.

Осы кезеңде шетелдік компанияларға тиімді жұмыс істеу шарттары ұсынылады. 1998-2000жж. аралығында барлық Еуропа мемлекеттерімен байланыстар қалпына келтіріледі. Бұған Хатамидің либералдық және демократиялық бағытты ұстануы да өзінің ықпалын тигізді.

Бұрынғы президент Рафсанджани сияқты М.Хатами де АҚШ-пен байланыстарды реттеуге көңіл бөле бастайды. Оның американ халқына жолдауы екі ел байланыстарындағы түйінді жібiткен едi. Бірақ әрине бұндай ұстанымның Иран ішінде қарсыластары болды. Өйткені АҚШ-тың ИИР-сына қарсы жариялаған бойкоттық саясаты әлі жалғасып жатыр еді.

2000ж. наурызда Вашингтонда өткен Америка –Иран кеңесінің конференциясы АҚШ-пен Иран байланыстарын жақсартудың келешегіне арналды. Онда АҚШ-тың сол уақыттағы мемлекеттік хатшысы М.Олбрайт сөз сөйлейді. Ол екі ел байланыстарын қалпына келтірудегі негізгі кедергілер Иран үкіметінің лаңкестік ұйымдарды қолдауы, таяу шығыс мәселесін реттеуде Израильге қарсы бағытты ұстануы, ядролық бағдарламасы екенін атап көрсетеді./4,178/ АҚШ әкімшілігі мәдениет, ғылым мен спорт саласындағы байланыстарды қолдайтынын айтады. Сондай-ақ екі ел байланыстарындағы ортақ мүдделер туралы да айтады. Олар Парсы шығанағы аймағында тұрақтылықты сақтау, Иракқа қарсы ұстаным, Ауғаныстан мәселесі,Әзірбайжан мен Армения және т.б. мәселелер. Бұл Американың байланысты қалпына келтіру әрекетінен гөрі, ниеті туралы декларациясы болды. Осы конференция нәтижесінде тек Иранның жолаушы таситын азаматтық ұшақтарына қосалқы бөлшектер сатуға, Иранға және Ираннан азық-түлік өнімдерін, дәрілерді және медициналық техниканы экспорттауға шектеулер алынып тасталынады. Америкаға Иран кілемін, пістесі мен кептірілген жемістерін және уылдырығын импорттауға рұқсат етіледі. М.Олбрайттың бұл сөзі Иран ішінде әртүрлі көзқарастар қалыптастырады. Консерваторлар қарсы шықса, Хатами жақтаушылары оны қолдады. Ал елдің діни басшысы Ә.Хаменеи бұны» жалған» сөз деп атады. /4,180/Екі ел арасындағы қарсыластықты жұмсартуға ұмтылыс жасалғанымен АҚШ Иранға қарсы санкцияларын жалғастырады. Президент Хатами тұсында да Америкамен қарсыластық жалғасты.

М.Хатами елдің сыртқы саяси бағытын анықтауда еуропалық елдермен қатар Иранның оңтүстік көршілерінің де маңыздылығын түсінеді. 1999ж. ол араб елдеріне сегіз күндік спарын бастайды. Иранның Египетпен және Иракпен байланыстары жақсарады.

Хатами де Иранның саяси бағытын толық өзгерте алмады және алдына ондай міндет те қоймады. Оның жүргізген реформаторлық саясаты Иранның әлемдік сахнадағы рөлін күшейтті, экономикалық жетістіктерге қол жеткізді. Иран қоғамының ішкі дамуына да жақсы жағынан ықпалын тигізді.

Реформаторлар билігі тұсында да Иранның сыртқы саясаты эволюцияға ұшырағанымен ол өзінің исламдық сипатын жоғалтқан жоқ. Иран халықаралық сахнада исламның рөлін қолдау саясатынан бас тартпады. Ел басшылығы халықаралық саясатта мынандай басты бағыттарды ұстануды жалғастырды. Бірінішіден, барлық мұсылмандармен

туыстық одақ құру, екіншіден ислам революциясының идеяларын тарату және езгіге ұшырағандардың езушілерге қарсы күресіне қолдау көрсету. Әрине бұл бағыттың барлығы ИИР-сының сыртқы саясатында толық орындалды деп айта алмаймыз.

Осылайша 1990жж. реформаторлар билігі тұсында Иран біртіндеп әлемдік қауымдастыққа эволюциялық жолмен өзін ашқан болатын. Ал 2005ж. билікке жаңа консерватор М.А.Неждаттың келуімен Иранның дамуында жаңа бір кезең басталады.

Әдебиеттер:

- 1.Л.Миронов, В.Тураджев. «Сильный человек» из Рафсанджана. //Азия и Африка 8 - 9/94
- 2.С.М.Хатами. Диалог цивилизаций:путь к взаимопониманию.Алматы,2002
- 3.Л.М.Кулагина, В.М.Ахмедов. Иран выходит из изоляции.//Иран:ислам и властьМ.,2001
- 4.Е.В.Дунаева. Иран и страны Западной Европы:отношения развиваются.//Иран:ислам и властьМ.,2001

Резюме

В статье «Эволюция внешней политики Исламской Республики Иран» рассматриваются обновления внешнеполитических принципов и направления государства после «правления Хомейни». Если во время правления Хомейни Иран ставит себя против всемирного сообщества, остается в изолированном положении, то в период правления «реформаторов» проявляется активность внешней политики Ирана. Иран проявляет новые направления внешней политики и становится активным членом региональных внешнеполитических процессов.

Summary

In his article «The Evolution of Foreign Policy of the Islamic Republic of Iran» the update of foreign policy principles and areas of the state after the Board of Khomeini. If during the reign of Khomeini of Iran put himself against the world community remains in an isolated position, during the reign of the «reformers» is active foreign policy of Iran. Iran shows new direction of foreign politic and become an active member of the regional foreign policy processes.

<i>А. Таутенбаева</i> Ағылшын және қазақ халықтарының ұлттық тәрбиесіндегі құндылықтарды тәрбие жұмыстарында пайдалану мүмкіндіктері	107
<i>Б. Базарқұлова</i> Иран Ислам Республикасы сыртқы саясатының эволюциясы	112
<i>І. Әйтімбет</i> Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасын әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге енгізудің өзектілігі.....	119
<i>Ш. Раисова</i> Қоғамның құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын көтерудегі мәселелер	126
<i>А. Жарболлова</i> Өкілеттік беру негізінде ҚР Президентінің заң актілерін шығаруының мәні мен қажеттігі	130
<i>А. Қошымлова</i> Абылай хан-тарихи жырларда (тарихи жыр – қазақ тарихының дерек көздері ретінде)	136
<i>Қ. Арыстанбекова</i> Абылай хан-тарихи тұлға.....	142
<i>Ж.С.Балгабаев.</i> Законодательная база Исламского финансирования	146
<i>Ж. Темирбекова</i> Использование кросс-культурного подхода изучения трудовых ценностей казахстанцев при анализе экономической культуры в шести странах	151
<i>Д. Әбішев</i> Солтүстік Қазақстандағы еңбек миграциясы (XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басы).....	157
<i>Ә. Сәрсебаева</i> Еңбекақы жүйелері және нышандары	163